

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң ТАУАРЛАР
МЕН КӨРСЕТИЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ
САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН
БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

050010 Алматы қаласы, Жібек жолы д-лы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА
И БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
ГОРОДА АЛМАТАЫ КОМИТЕТА
КОНТРОЛЯ КАЧЕСТВА И
БЕЗОПАСНОСТИ ТОВАРОВ И УСЛУГ
МИНИСТЕРСТВА ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050010 город Алматы, пр. Жибек жолы, 5
тел.: 8 (727) 382 35 15, факс: 8 (727) 382 35 56

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫң
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ҚАУЛЫСЫ
26.10.2020ж. № 64

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТАЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ
№ 64 от 26.10. 2020г.

Алматы қаласында
коронавирустық инфекция ауруының
алдын алу жөніндегі
одан арғы шаралар туралы

Алматы қаласының тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің « Пайдада болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулар тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына сәйкес

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

**1. Алматы қаласының әкімдігі, мемлекеттік органдар, құқық
корғау және арнайы органдар қамтамасыз етсін:**

1) денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел медициналық жәрдем машиналарында, жергілікті атқарушы органдар карантин үшін айқындаған үй-жайларда, сондай-ақ медицина қызметкерлері үйде медициналық көмек көрсету, ошақта эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болған адамдардан сұрау және сауалнама алу кезінде аудио, фото және бейне түсірілім жүргізуге тығым салуды;

2) қоғамдық тамақтану объектілерінде кальянды пайдалануға тығым салуды;

01961

3) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбилер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналар теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғаншылықты, қамқоршылықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбилер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде ұлттық алдын алу тетігі қатысуышыларының медициналық-әлеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі.

4) адамдар көп жиналатын объектілерде және тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету (сауда-ойын-сауық орталықтары, базарлар, ХҚКО, моншалар, діни мақсаттағы, коммуналдық шаруашылық, тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану объектілері, вокзалдар, әуежайлар, қызмет көрсету салалары (сұлулық салондары, ателье және басқалары) объектілерінде күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді (қолды өңдеу үшін санитайзерлерді орнату, күніне екі реттен сиретпей беттерді өңдеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды тазалау, желдету) сақтауды;

5) КР БСМД №57 қаулысының 23-қосымшасына сәйкес әрбір рейстің алдында қоғамдық көлікті, әуежайларды, теміржол және автовокзалдарды, супермаркеттерді, базарларды, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өтпелерінің таяныштарын, спорттық снарядтарды, балалар және спорт алаңдарын, орындықтар мен сәкілерді, банкоматтарды, банк терминалдарын, POS-терминалдарды жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып өңдеуді;

6) көкөністер мен жемістерді қоспағанда, тамақ өнімдерін өлшеп-оралған түрде өткізуіді;

7) сауда, қоғамдық тамақтану объектілерінде халыққа ауысымында және бүтіндігі бұзылған кезде кемінде екі рет ауыстыруға жататын бір рет қолданылатын қолғаптармен (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей жанасатын басқа да адамдар) қызмет көрсетуді;

8) COVID-19-дың профилактикасы мәселелері бойынша халықты үнемі ақпараттандыруды, халық арасында үрейленудің алдын алу жөнінде шаралар қабылдауды;

9) КР БСМД №57 қаулысының 24-қосымшасына сәйкес пенитенциарлық (қылмыстық-атқару) жүйесі мекемелерінде санитариялық-дезинфекциялық режим алгоритмін сақтауды;

10) КР БСМД №57 қаулысының 25-қосымшасына сәйкес өнеркәсіптік кәсіпорындардағы және өндірістік объектілердегі, оның ішінде вахталық

әдіспен жұмыс істейтін объектілердегі санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар алгоритмін сақтауды;

11) ҚР БСМД №57 қаулысының 26-қосымшасына сәйкес медициналық-әлеуметтік объектілерде санитариялық-дезинфекциялық режим алгоритмін сақтауды;

12) ҚР БСМД №57 қаулысының 1-қосымшасына сәйкес еңбек ұжымдарында (кеңселерде) эпидемияға қары режим алгоритмін сақтауды;

13) ҚР БСМД №57 қаулысының 27-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның ішінде ҰҚҚ Шекара қызметі) және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы (оның ішінде азаматтық персонал) арасында COVID-19-дың таралу тәуекелін азайту жөніндегі алгоритмді сақтауды;

14) ҚР БСМД №57 қаулысының 4-қосымшасына сәйкес жеке қорғаныш құралдарын пайдалану және кәдеге жарату жөніндегі ұсынымдарды сақтауды;

15) ҚР БСМД №57 қаулысының 28-қосымшасына сәйкес өнеркәсіптік және индустриялық кәсіпорындардың, құрылым компанияларының (құрылым салушылардың) жұмыс алгоритмін сақтауды;

16) ҚР БСМД №57 қаулысының 29-қосымшасына сәйкес стоматологиялық клиникаларға арналған күшайтілген инфекциялық бақылау кезеңінде COVID-19-дың профилактикасы шаралары бойынша қызмет алгоритмін сақтауды;

17) ҚР БСМД №57 қаулысының 30-қосымшамына сәйкес COVID-19 диагностикасына арналған зертханаларды ашуға арналған уақытша ұсынымдарды сақтауды;

18) жинау пункттерінде жедел әскерге шақырылатын адамдарды және әскери бөлімге келгеннен кейін жас әскерді ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеруді;

19) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбілер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарда, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оку орындарында карантинді және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды;

20) қызметін жүзеге асыратын барлық объектілерде (қолды өндеу үшін санитайзерлерді орнату, күніне екі реттен сиретпей беттерді өндеу, дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ылғалды тазалау, желдету) күшайтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді;

21) халық арасында COVID-19-дың таралуының профилактикасы бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуі;

22) ҚР БСМД №57 қаулысының 12-қосымшасына сәйкес әуежайлардың, теміржол және автомобиль вокзалдарының жұмыс алгоритмінің сақталуын қамтамасыз етсін;

- 23) ҚР БСМД №57 қаулысының 31-қосымшасына сәйкес экскурсиялық қызметті жүзеге асыруға қойылатын талаптардың сақталуын;
- 24) қалааралық автобус, шағын автобус тасымалдарын қайта бастау;
- 25) ойын-сауық, спорттық іс-шараларды, көрмелерді, форумдарды, конференцияларды, сондай-ақ отбасылық, салтанатты, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, еске алу), оның ішінде үйде адамдар көп жиналатын басқа да іс-шараларды өткізуге тыйым салу;
- 26) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, компьютерлік клубтар, тұнгі клубтар, боулинг-орталықтар, жабық үй-жайлардағы балалардың ойын аландары мен аттракциондары, батуттар және басқалар), букмекерлік кеңселердің қызметіне тыйым салу;
- 27) кезекші топтарды қоспағанда, мектепке дейінгі балалар мекемелерінің қызметіне тыйым салу;
- 28) фуд корттардың, банкет залдарының қызметіне тыйым салу;
- 29) спортшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуы үшін кетуіне тыйым салу;
- 30) мәдениет обьектілерінің (30 адамнан аспайтын жеке, топтық дайындықтар), кітапханалардың, мұражайлардың қызметіне рұқсат беру;
- 31) белгіленген талаптарды сақтай отырып және ұжымдық іс-шаралар өткізбей діни обьектілердің (мешіттер, шіркеулер, соборлар, синагогалар және т. б.) қызметіне рұқсат беру;
- 32) сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда обьектілерінің қызметіне толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтаған кезде рұқсат беру;
- 33) азық-тұлік емес және жабық азық-тұлік базарларының қызметіне толтырылуы 30% - дан аспайтын және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтаған кезде рұқсат беру;
- 34) ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, бір келушіге кемінде 4 ш. м. қамтамасыз ете отырып, алдын ала жазылу бойынша сұлуулық салондарының, шаштараздардың, СПА орталықтарының, косметологиялық қызмет көрсететін обьектілердің қызметіне рұқсат беру;
- 35) алдын ала жазылу бойынша, топты толтыру кезінде 15 адамнан артық емес, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, балалар кабинеттерінің / түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне рұқсат беру;
- 36) мектепке дейінгі балалар мекемелерінің кезекші топтарының қызметіне 15 адамнан аспайтын топтардың жинақталуын, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтаған кезде рұқсат беру;
- 37) контингенті 5-тен 180 адамға дейін мектептердің, сыныптардағы балалар саны 15 адамға дейін; мектепалды даярлық сыныптарының білім алушыларына арналған білім беру үйимдарындағы кезекші сыныптардың, 1-4 сыныптар ата-аналардың өтініші бойынша 15 баладан аспайтын сыныптардың жинақталуын сақтаған кезде жұмыс істеуіне рұқсат беру;

38)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, аттракциондардың ашық ауада жұмыс істеуіне рұқсат беру;

39)фитнес-орталықтар мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне алдын ала жазылу бойынша, толтырылуы 50% - дан артық емес және бір келушіге 5 ш. м. кем емес, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтаған кезде рұқсат беру;

40)толтырылуы 50% - дан аспайтын және бір келушіге 4 ш. м. кем емес, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, моншалардың, сауналардың қызметіне рұқсат беру;

41)ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға рұқсат беру (топта 5 адамнан артық емес);

42) ұлттық құрамалар, клубтық командалар үшін спорттық жаттығуларға рұқсат беру (30 адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорттық базаларда тұру);

43)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, қоғамдық көліктің жұмыс уақытын шектемей жұмыс істеуіне рұқсат беру (қарбалас сағаттарда автобустар санының көбеюі, кондуктордың болуы, соңғы аялдамада дезинфекциялау құралдарымен өндөу, барлық есіктерді ашу, толтырылуы отыратын орындар саны бойынша) ;

44)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік органдардың (ұйымдардың, кәсіпорындардың), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық компаниялардың, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне рұқсат беру. Бұл ретте қызметкерлердің кемінде 50% - ы қашықтықтан жұмыс нысанында қалады (штат кестесінде 30-дан астам қызметкер болған кезде);

45)аймақтарға бөлу талаптарын және қүшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, медициналық орталықтардың қызметіне рұқсат беру (жазылу бойынша) ;

46) 2қүннен аспайтын COVID-19-ға ПТР-тексеру анықтамасының болуы, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын, 80% - дан аспайтын толымдылығын сақтай отырып, халықтың тұруы бойынша қызметтер көрсету саласындағы туризм объектілері мен ұйымдарының (қонақ үйлер, демалыс үйлері, туристік базалар және т. б.) қызметіне рұқсат беру;

47)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, дәріханалардың қызметіне рұқсат беру;

48)ұжымдық іс-шаралар өткізбей, ашық ауада және үй-жайда қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, жұмыс күндері, демалыс және мереке күндері 7:00-ден 23:00-ге дейін келушілер үшін жұмыс кестесін белгілей отырып және отыратын орындардың 30% - дан аспайтын залдың толтырылуымен рұқсат беру; көрсетілген күндер мен уақытта жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтерге рұқсат етіледі;

49)ұздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметіне; ашық ауадағы құрылым жұмыстарына ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру;

50)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, халықта байланыссыз қызметтер көрсету жөніндегі объектілердің (автожуу, автомобилдерді, тұрмыстық техниканы жөндеу және басқалар) қызметіне рұқсат беру;

51)бизнес-орталықтардың (сақтандыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг қызметтері, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары және т. б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмыстарын ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып ұйымдастыру;

52)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, жұмыс кестесін сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін белгілей отырып, ХҚКО жұмысын ұйымдастыру;

53)ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, "Казпочта" АҚ-ның жұмысын уақыт бойынша шектеусіз және онлайн нысанда барынша қызмет көрсетумен ұйымдастыру;

54)әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, З адамнан аспайтын топтармен немесе бір отбасы мүшелерімен ойын-сауық объектілерінсіз саябақтарға, аландар мен скверлерге, жағалауларға және халықтың өзге дедемалыс орындарына баруғарұқсат беру;

55)қоғамдық көліктерге, таксилерге, өнеркәсіптік аумақтарға, әуежайларға, аулалық балалар аландарына, азық-түлік және азық-түлік емес базарларға және басқа да қоғамдық орындарға санитариялық және дезинфекциялық өндеу жүргізу;

56)Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актісіне сәйкес уақыты мен саны бойынша шектеумен Қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беру;

57)бассейндердің қызметіне алдын ала жазылу бойынша, жеке форматта бір адамға су айнасының 5 ш. м. есебінен рұқсат беру;

58)5 адамнан аспайтын жеке және топтық жаттығуларға арналған спорт кешендерінің қызметіне рұқсат беру;

59)ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде, қорықтарда, резерваттарда және басқада) жеке және ұйымдастырылған топтар үшін 15 адамнан артық емес, маска режимін және 2 метрден кем емес қашықтықты сақтай отырып болуға рұқсат беру;

60)ҚР БМСД №58 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес алгоритмді сақтай отырып, күндізгі режимде кеңестер (отырыстар) өткізуге рұқсат беру (оларды қашықтықтан өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда);

61) эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, "Балдәурен "Респубикалық оқу-сауықтыру орталығы" және "Бебек "Ұлттық ғылыми-

"практикалық білім беру және сауықтыру орталығы" РМКК қызметіне рұқсат беру;

62)арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығының қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беру);

63)Маска режимін, әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып, кинотеатрлардың ашық ауада жұмыс істеуіне рұқсат беру;

64)театрлардың қызметіне рұқсат беру (толтырылуы 50% - дан артық емес, бірақ 50 адамнан артық емес, infokazakhstan.kz порталында тіркелумен, маска режимін, әлеуметтік қашықтықты және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтау);

65)сауда-ойын-сауық орталықтарында (жеке үй-жайларда) орналасқан қоғамдық тамақтандыру обьектілерінің қызметіне ұжымдық іс-шаралар өткізбей, 50-ден аспайтын отыратын орын толтырылған кезде ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру;

66) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып, бір мезгілде 100-ден аспайтын адамды жинай отырып, көрермендердің қатысуыныз (бірыңғай республикалық күнтізбе бойынша) Қазақстан Республикасының чемпионаттарын және республикалық жарыстарды өткізуге рұқсат; бір мезгілде 30 адамнан аспайтын адамды жинай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат;

67) а.ж. 26 қазанынан бастап сенбі күндері сауда-ойын-сауық орталықтарының, сауда үйлерінің (бутиктер), сауда желілерінің қызметіне толтырылуы 30% - дан артық емес және бір келушіге 4 шаршы метрден кем емес, ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтай отырып рұқсат беру;

68) а.ж. 26 қазанынан бастап кинотеатрлар қызметіне рұқсат беру (толтырылуы 30% - дан аспайды, infokazakhstan.kz порталында тіркелуі тиіс, маска режимін, шахмат тәртібімен отырғызууды, әлеуметтік қашықтықты және ҚР БМСД №57 қаулысының талаптарын сақтау).

2. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы COVID-19 эпидемиялық тарату тізбегін үзу мақсатында қамтамасыз етсін:

1) эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, COVID-19 жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар науқастарды оқшаулау үшін жеке инфекциялық төсектер (стационарлар) бөлуді;

2) барлық денсаулық сақтау ұйымдарында COVID-19 жоққа шығармайтын клиникалық белгілері бар пациент анықталған жағдайда оны оқшаулау үшін көрсетілетін медициналық көмектің ерекшелігін ескере отырып, үй-жайлар бөлуді;

3) пациенттердің күнделікті ағымын (басқа да нозологиялық аурулар бойынша) COVID-19 ауруына құдікті пациенттермен қылышсыны болдырмай бөлуді;

4) босанатын әйелдер босандыру үйіміна, сондай-ақ көп бейінді стационарларға өмірлік көрсеткіштері бойынша шұғыл көмек көрсетуді қажет ететін пациенттер түскен кезде медициналық көмекті жеке қорғаныш құралдарын пайдалана отырып, эпидемияға қарсы режимді сақтай отырып, оқшауланған үй-жайда COVID-19-ға зертханалық тексеру нәтижелерін күтпестен көрсетіледі. Пациентте COVID-19 диагнозы расталған кезде медициналық көмек көрсетуге тартылған персонал COVID-19-ға зертханалық тексеруге жатады. Оң нәтиже болған жағдайда жұмыстан шеттетіледі және емдеуге жіберіледі, теріс нәтиже болған жағдайда өзінің лауазымдық міндеттерін орындауды жалғастырады және 14 күн бойы медициналық бақылауға жатады;

5) ҚР БСМД №57 қаулысының 33-қосымшасына сәйкес COVID-19-ға зертханалық тексеруді;

6) ҚР БСМД №57 қаулысының 33-қосымшасына сәйкес зертханалық тексеру үшін COVID-19-ға құдікті науқастардан материалды қауіпсіз алууды үйімдастыруды;

7) инфекциялық және басқа да медициналық үйімдарда эпидемияға қарсы режим талаптарын сақтауды;

8) провизорлық және инфекциялық стационарларда әртүрлі рейстерден, үй ошақтарынан келген байланыста болған, жұмыс (оку) орны бойынша байланыста болған адамдар ағымының қылышсыны болдырмауды;

9) қажет болған жағдайда уақытша еңбекке жарамсыздық парактарын (еңбекке жарамсыздық парағы) үйде карантиндегі адамдар үшін медициналық үйімдарға бармай ресімдеуді;

10) денсаулық сақтау үйімдарының COVID-19-бен ауыратын пациенттерді емдеу үшін қажетті дәрілік заттар мен медициналық бүйімдарға қажеттілігін;

11) барлық медициналық үйімдардың ҚР БСМД №57 қаулысының 4-қосымшасына сәйкес таза және лас аймақтарға бөле отырып, инфекциялық стационар қағидаты бойынша жұмыс істеуін;

12) стационарлық денсаулық сақтау үйімдарында карантинді сақтауды;

13) ҚР БСМД №57 қаулысының 34-қосымшасына сәйкес медицина персоналының инфекциялық қауіпсіздігін;

14) мәйіттерді ашу кезінде патологоанатомиялық қызмет, сотмедициналық сараптама саласындағы қызметті жүзеге асыратын үйімдарда (аутопсия) эпидемияға қарсы шараларды сақтауды – өзін-өзі оқшаулаусыз жұмысқа шығу кезінде дene температурасын өлшеуді қоса алғанда, қызметкерлердің денсаулық жағдайын одан әрі бақылай отырып, жеке қорғаныш құралдарын пайдалануды;

15) барлық денсаулық сақтау үйымдарында пациенттердің барлық ағымының дene температурасын өлшеу үшін тепловизорлармен қамтамасыз ете отырып, шлюздер үйымдастыруды;

16) барлық денсаулық сақтау үйымдарында COVID-19-ға жедел тестілеу жүргізу үшін үй-жайлар бөлуді және жарактандыруды қамтамасыз етуді;

17) жедел медициналық жәрдем бригадасын COVID-19-ға жедел тестілеуге арналған жарактармен қамтамасыз етуді;

18) көп бейінді ауруханалардың қабылдау бөлімінде пациенттердің күнделікті ағымын хирургиялық және терапиялық бейіндер бойынша бөлуді;

19) жедел медициналық жәрдем станциясының диспетчерлерін COVID бойынша чек – парап бойынша, эпидемиологиялық және биологиялық қауіпсіздік қағидалары бойынша, стандартты операциялық рәсімдерді (COP) орындау, COVID – 19 – ға күдікті науқасты тексеру чек-парагын пайдалану бойынша қашықтықтан триажға үздіксіз оқытуды;

20) іс-қимылды COVID-19 күдікті науқастарды қараумен, тасымалдаумен, ошақтағы жұмыспен, емдеуге жатқызумен, емдеумен және оларға қызмет көрсетумен байланысты медицина қызметкерлерінің және персоналдың ҚР БСМД №57 қаулысының 3-қосымшасына сәйкес тиісті қорғау деңгейіндегі ЖҚҚ-ны пайдалануын бақылауды;

21) денсаулық сақтау үйымдары үшін COVID-19 эпидемиологиясы, клиникалық белгілері, диагностикасы мәселелері бойынша семинарлар үйымдастыруды және өткізууді;

22) COVID-19 кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу бойынша өнірдің медициналық үйымдарының барлық қызметкерлерін толық қамту арқылы жеке қорғаныш құралдарын пайдалану бойынша нұсқама жүргізууді;

23) ҚР БСМД №57 қаулысының 35-қосымшасына сәйкес COVID-19 жүқтүру тәуекелі жоғары болған адамдар үшін оқшаулауды;

24) ҚР БСМД №57 қаулысының 36-қосымшасына сәйкес клиникалық хаттамаға сәйкес COVID-19 симптомсыз вирус тасымалдаушы адамдарды оқшаулау жағдайлары болған кезде үйдегі карантинді және медициналық қадағалауды;

25) тұрғын үйдің үй карантинін үйымдастыру үшін талаптарға сәйкестігін бағалауды;

26) үйде медициналық бақылау жүргізуі және үй карантині талаптарының сақталуын бақылауды;

27) шет елден келген дene температурасы жоғары адамдарды COVID-19-ға зертханалық тексеру жүргізу үшін инфекциялық стационарға жатқызууды;

28) шетелден ПТР әдісімен COVID-19 тестінен өткені туралы анықтамасыз келген Қазақстан Республикасының азаматтарын карантиндік стационарларда орналастыруды;

- 29) үйде оқшаулау жағдайларында COVID-19 науқастарымен байланыста болған (жақын байланыс) адамдарды зертханалық тексеруді және медициналық бақылауды (үй карантині);
- 30) ҚР БСМД №57 қаулысының 37-қосымшасына сәйкес халыққа профилактикалық егулер жүргізуді;
- 31) ҚР БСМД №57 қаулысының 33, 35, 36-қосымшаларына сәйкес байланыста болғандарды және симптомсыз вирус тасымалдаушыларды медициналық бақылауды және зертханалық тексеруді қамтамасыз етсін;
- 32) Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелеріне диагноз қойылғаннан кейін 6 сағаттың ішінде COVID-19 ауруының әрбір жағдайына, оның ішінде U07.2 «COVID-19 коронавирустық инфекциясы (Вирус сәйкестендірілмеген)» коды бойынша шұғыл хабарлама жіберуді қамтамасыз етсін.
- 33) ҚР БМСД №57 қаулысының 35-қосымшасына сәйкес **COVID-19** жүктіру қаупі жоғары адамдар үшін оқшаулау тәртібін жүргізу;
- 34) Байланыста болған және симптомсыз вирус тасымалдаушыларын оқшаулау, медициналық бақылау және зертханалық тексеру тәртібін ҚР БМСД №57 қаулысының 33, 35, 36-қосымшаларына сәйкес жүргізу;
- 35) симптомсыз және жеңіл нысандағы КВИ-мен, сондай-ақ анықталмаған пневмониямен ауыратын науқастарды үйде 100% жағдай болған кезде үй карантинің сақтау шарттарын міндettі түрде орындау туралы қолхат бере отырып оқшаулау;
- 36) ҚР БМСД №57 қаулысының 35-қосымшасына сәйкес жағдайлар болған кезде COVID-19 (жақын байланыс), үйде оқшауланған (үй карантині) науқастармен байланыста болған адамдарға медициналық бақылау орнату. Үйде оқшаулау үшін жағдай болмаған кезде карантиндік стационарға оқшаулау ұсынылады;
- 37) оқшаулаудың 3-ші және 12-ші күнінде COVID-19-ға ПТР әдісімен зертханалық тексеру жүргізе отырып, сондай-ақ клиникалық көрсетілімдер бойынша 14 күн ішінде жақын байланыста болғандарға медициналық бақылау орнату;
- 38) үйде медициналық бақылаудың жүргізілуін және үй карантині талаптарының сақталуын бақылау;
- 39) үй карантинінің сақталуын бақылау үшін байланыста болған адамдарды «телеграмм бот» мобиЛЬДІК қосымшасында тіркеу;
- 40) медициналық персоналдың инфекциялық қауіпсіздігі және басқа да эпидемияға қарсы іс-шаралар ҚР БМСД №57 қаулысының 34-қосымшасына сәйкес;
- 41) инфекциялық стационарлардан пациенттерді шығарғанға дейін 48 сағат бұрын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау аудандық басқармаларымен (емдеуге жатқызыу күнін, диагнозын, БХТ бойынша тіркелген орнын, тестілеу ПТР нәтижелерін, нақты тұратын жері мен байланыс телефонын көрсете отырып, олардың тізімдерін күн сайын жолдай отырып) келісу;

42) басқа өнірлерде тұратын адамдарды қоса алғанда, тіркеу орны және нақты тұратын жері бойынша шығарылғанға дейін 48 сағат бұрын инфекциялық стационарлардан шығарылатын пациенттерге АМСК-қа активтерді беру (*инфекциялық стационарлардан пациенттерді шығаруды келісуге активті қабылдаған лауазымы, Т.А.Ә.*).

43) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің білім беру және ғылыми ұйымдарын (медициналық жоғары оқу орындары, медициналық колледждер, ұлттық, ғылыми орталықтар) COVID-19 шоғырландыру жөніндегі іс-шараларға көмек көрсетуге тартсын;

44) патогендігі II топтағы микроорганизмдермен жұмыс істеуге уақытша рұқсат алғаннан кейін (ол болмаған жағдайда) COVID-19 диагностикасын жүргізуге медициналық ұйымдардың зертханаларын тартсын. Зертханалық зерттеулер жүргізу үшін қажетті ресурстардың болуын қамтамасыз етсін;

45) COVID-19-ға зертханалық зерттеу үшін зертханаға жіберілетін ілеспе құжатта өтініштің мақсатын (өздігінен жүгіну, әкелінген, профилактикалық тексеру (скрининг) және т. б.) көрсетсін;

46) медициналық ақпараттық жүйелерді «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК зертханалық ақпараттық жүйесімен интеграциялауды қамтамасыз етсін;

47) жеке зертханалардың зертханалық ақпараттық жүйелерін «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК зертханалық ақпараттық жүйесімен COVID-19-ға тестілеу нәтижелерін беру бөлігінде интеграциялауды қамтамасыз етсін;

48) үй карантині кезінде, оның ішінде COVID-19 симптомсыз нысандары бар пациенттерді қашықтықтан бақылау үшін мобиЛЬДІК қосымшаны енгізуі қамтамасыз етсін.

3. Меншік нысанына қарамастан барлық зертханалар:

1) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) шенберінде COVID-19-ға диагностикалық зерттеулерді басым тәртіппен жүргізуі қамтамасыз етсін.

4. Республикалық медициналық ұйымдардың басшыларына:

1) ҚР БСМД №57 қаулысының 2-қосымшасына сәйкес аймаққа бөлу талаптарын және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, бейіні бойынша жоспарлы медициналық қызметтер көрсетуді жалғастырысын.

5. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласының қоғамдық денсаулық басқармасы, Алматы бөлімшелік көліктегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасы жалғастырысын:

1) Алматы қаласының халықаралық әуежайында 2020 жылғы 06 қазандағы іс-қимыл алгоритміне сәйкес шет елдерден COVID-19 алып келуінің алдын алу бойынша жұмыс.

6. Алматы қаласы цифрландыру басқармасы жалғастырысын:

1) Азаматтардың жиналатын орындарын анықтау және жедел шаралар қабылдау үшін Алматы қаласындағы коронавирустық инфекциямен құрес жөніндегі ведомствоаралық комиссияға ақпарат беру;

2) байланыста болған адамдарды мобиЛЬДІ қосымша арқылы бақылау, оқшаулау шарттары бұзылған жағдайда Алматы қаласында коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі комиссияға және Полиция департаментіне ақпарат ұсыну.

7. Алматы қаласы тұрғын үй саясаты басқармасы жалғастырысын:

1) көп пәтерлі үйлердің кіреберістері мен балалар алаңдарына аптасына 1 рет профилактикалық дезинфекция жүргізу;

2) коронавирустық инфекциямен ауыру жағдайын тіркеу кезінде тұрғын үйлердің кіреберістерін қорытынды түрі бойынша бір рет өндөу жүргізу.

8. Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласы аудандарының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары, Алматы қаласының полиция департаменті қамтамасыз етсін:

1) Қызметі рұқсат етілген объектілерде карантиндік шаралардың, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылау. Бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексіне сәйкес әкімшілік шаралар қолдану;

2) ҚР БМСД №57 қаулысының 1 және 2-қосымшаларына сәйкес қызметі шектелмеген объектілерді қоса алғанда, объектілердің қызметін қайта бастау.

9. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Ж. Бекшин